

Біржолғы талондардың құны және тіркелген салық мөлшерлемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 127/25 шешімі. Павлодар облысы Шарбақты ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде N 12-13-102 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2012 жылғы 06 желтоқсандағы N 52/16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 06.12.2012 N 52/16 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бап 1 тармақ 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы Кодексінің 36 бап 6 тармағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабына сәйкес және Шарбақты аудандық салық басқармасының орташа күндізгі хронометражды бақылау және тексеру нәтижелері негізінде аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Эпизодтық сипаты бар кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысатын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың бағасы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Базарда сауда-саттықпен айналысатын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың бағасы 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қызметтің кейбір түрлеріне бекітілген салық сомасы 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан соң он күнтізбелік уақыт өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Сессия төрағасы

А. Поляков

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Паванов

Шарбақты

аудандық

мәслихатының

2010

жылғы

16

сәуірдегі

і

№ 127/25 шешіміне

1 қосымша

Эпизодтық сипаты бар кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысатын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың бағасы

N p/c	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік біржолғы талонның құны (теңге)
1	Сату /стационарлық жайда жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда/:	
	газет және журналдар	50
	тұқым, сондай-ақ отырғызу (екпе, көшет) материалдары	100
	бақша дақылдары	150
	саяжай және үй төңірегінде өсірілген гүлдер	50
	қосалқы ауыл шаруашылық өнімдері, бау-бақша және саяжай телімінен алынған өнімдер	100
	мал және құс жем-азығы	200
	сыпырғыш, талшыбықтар, саңырауқұлақтар	50
	орман жеміс-жидектері, балықтар	100
	бал	200
	өңделген саңырауқұлақтар	100
	ірі қара мал және жылқы бағу (1 бас)	2
	мал бағу (қой, ешкі 1 бас)	1
үй құстарын бағу	0,5	
2	Жер телімін өңдейтін жеке трактор иелерінің қызметі	400

Шарбақты аудандық мәслихатының

2010 жылғы 16 сәуірдегі

№ 127/25 шешіміне

2 қосымша

Базарда сауда-саттықпен айналысатын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың бағасы

N p/c	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік біржолғы талонның құны (теңге)
1	халық тұтынатын тауарларды сатушының сөресінен сату (1 сауда орны)	150
2	азық-түлік тауарларын, сатушы сөресінен сату (1 сауда орны)	100
3	халық тұтынатын тауарларды автокөліктен сату	300
4	автокөліктен ағаш сату (1 автокөлік)	1000

5	автокөліктен азық-түлік тағамдарын сату(көкөністер, жемістер)	300
6	халық тұтынатын тауарларды қолдан сату (еттен басқа)	100
7	азық-түлікті қолдан сату	120
8	ет сату (1 сауда орны)	500
9	ұсақ мал (қой, ешкі, шошқа) сату	600
10	құс сату	300
11	бұрын қолданыста болған тауарларды қолдан сату	500
12	бұрын қолданыста болған тауарларды сатушы сөресінен сату (1 сауда орны)	100

Шарбақты аудандық мәслихатының
2010 жылғы 16 сәуірдегі
№ 127/25 шешіміне
3 қосымша

Қызметтің кейбір түрлеріне бекітілген салық сомасы

№ р/с	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Салық салу үшін бір объектіге бекітілген салық ставкасы (бір айға АЕК бойынша)
1	- ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	1
2	- бильярд столы	3